

Бекітемін:
«Әсем» бөбекжай
балабақша меңгерушісі
_____ Ә.Т.Дөнен

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ					
Білім беру ұйымы (балабақша)	«Әсем» бөбекжай балабақша				
Топ/сынып	Ересек топ				
Тобы, топтың реттік саны, атауы	«Балдаурен» тобы Бала саны 25				
Балалардың жасы	4 жасар балалар				
Педагогтің аты- жөні	Ермек Мадина				
Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)	26.12-30.12.2022ж.				
Апта күндері	<i>Дүйсенбі</i>	<i>Сейсенбі</i>	<i>Сәрсенбі</i>	<i>Бейсенбі</i>	<i>Жұма</i>
Күн тәртібі					
Балаларды қабылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. (сөйлеуді дамыту)				

<p>Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру</p>	<p>Ата-аналармен балаларды ертерек ұйқыға жатқызулары туралы әңгімелесу.</p>				
<p>Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)</p>	<p>"Ойыншықтардағы тәртіп". Мақсат-міндеттері: жұмыс басталар алдында балаларға жұмыс алжапқышын киюді үйрету; ойыншықтарды тәртіпте ұстау: жуу, кептіру, сұрту және орнына қою. Еңбекқорлықты және тәртіпсіздікті көре білуді дамыту; сумен жұмыс кезінде ұқыптылықты дамыту. Өз еңбегі мен басқа адамдардың еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу. (еңбек дағдылары)</p>	<p>"Төсектерді төсеуге күтушіге көмек көрсету". Мақсат-міндеттері: балаларды өз төсек-орындарын ажыратуға үйрету; ересектерге көмек көрсетуге деген ынтаны тәрбиелеу; жұмысқа деген ұмтылысты, тапсырылған іс үшін жауапкершілік сезімін тәрбиелеу. (еңбек дағдылары)</p>	<p>"Бөлме өсімдіктерін жуу". Мақсат-міндеттері: балаларға суару әдістері (тегенде, жапырақтардың астында) және ережелер (толтырмай, біркелкі суару) туралы түсінік беру; өсімдіктерге күтім жасау ниетін дамыту. Балаларды көмекке тарту, жабық өсімдіктер туралы балалардың ойларын нақтылау. (еңбек дағдылары)</p>	<p>Аквариумдағы балықтарды қоректендіру. Мақсат-міндеттер: балыққа қамқорлық жасауға үйрету, аквариумдағы балықтың әдеттеріне қызығушылық тудыру. (еңбек дағдылары)</p>	<p>"Кірлеген орамалдарды ауыстыру". Мақсат-міндеттер: еңбекке деген тұрақты қызығушылықтарын, тапсырманы тиянақты орындау ұмтылыстарын қолдау. Орамалдарды бөлек ұяшыққа ілуге үйрету. Еңбектенуге, ересектерге көмектесуге деген ниетке тәрбиелеу. (еңбек дағдылары)</p>
	<p>Дидактикалық ойын.</p>	<p>"Пішіндерді құрастыр" үстел</p>	<p>Санамақтар. Бірім - бір,</p>	<p>"Лото" үстел ойыны.</p>	<p>Пирамидаларды құру жаттығулары.</p>

	<p>«Көлеңкесін тап». Мақсат-міндеттер: балаларды әр аңның көлеңкесін тауып орналастыруға үйрету. Тілдерін дамыту. Аңдардың атауын атап, сипаттауға үйрету. (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)</p> <p>Бояу беттеріндегі суреттерді бояу. Мақсат-міндеттер: балалардың қуанышты эмоцияларын ояту. Барысы: жаңа жылға дайындалып жатқан аңдардың суретін бояу. (сурет салу)</p>	<p>үсті ойыны. Мақсат-міндеттер: қол қимылдарының икемділігін, дәлдігін, көз мөлшерін дамыту. Жаттығу барысы: жүргізуші балаларға есеп таяқшаларды таратып береді. Балалар солардан геометриялық пішіндерді жасап шығару керек. Төмендегідей тапсырмалар беріледі: төрт таяқшадан шаршы құрастыру; үш таяқшадан үшбұрыш құрастыру; үй құрастыру; жалауша құрастыру; жұлдызша құрастыру. (математика негіздері)</p>	<p>Екім - екі, Үшім - үш, Төртім - төрт, Бесім - бес, Алтым - алты, Ауыр балтам, Қалды қалтам! Қырқылдауық, Қырма тауық! Олпық-солпық, Сен кір, сен шық! (көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту)</p>	<p>Мақсат-міндеттер: балаларды заттарды топтауға баулу, зейінді, байқауды дамыту. Балалар қыс мезгілінің, жаңа жылдық суреттердің жалпы атаулары бойынша жинайды. Құралдары: ойыншықтар, киім, тамақ және т. б. заттық карточкалар мен топтастыруға арналаған панно-карточкалар. (сөйлеуді дамыту)</p>	<p>Пирамиданы құрайтын сақиналардың саны 8-10 дана. Мақсат-міндеттер: қолдың ұсақ моторикасын, көлемді, түсті ажырату қабілеттерін дамыту. (танымдық дағдылар)</p>
--	--	---	--	---	---

<p>Таңертеңгі жаттығу</p>	<p>Жалпы дамыту жаттығулары</p> <p>1.Бастапқы қалып: дене тік, аяқ бірге, қолды жанына жіберу. 1 - қолдарымен иықтарын құшақтап, саусақтарын жұму; 2 - бастапқы қалыпқа келу. (жаттығу 4 рет қайталанады).</p> <p>2. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ бірге, қол белде. 1 - оң аяқты ұшымен алдына қою; 2 - бастапқы қалыпқа келу. (Осы жаттығу сол жақпен қайталанады, 4 рет).</p> <p>3. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ бірге, қолды жанына жіберу. 1 - 2 - алға еңкейіп, саусақтарын еденге тигізу; 3 - 4 - бастапқы қалыпқа келу. (жаттығу 4 рет қайталанады).</p> <p>4. Бастапқы қалып: арқаға жатып, қолды дене тұсында ұстау. 1 - тізені бүгіп, қолымен құшақтап, басын тізесіне тигізу; 2 - бастапқы қалыпқа келу. (жаттығу 3 рет қайталанады).</p> <p>5. Бастапқы қалып: арқаға жатып, қолды дене тұсында ұстау. Бүгілген аяқтарымен ""велосипед"" тебу, 1-8 сандары аралығында санау арқылы аяқтарын айналдыру; үзіліс жасап, қайта айналдыру.</p> <p>6. Бастапқы қалып: аяқты қайшылап отыру, қол белде. 1 - денені оң жаққа бұрып, оң қолын жанына жіберу; 2 - бастапқы қалыпқа келу. (жаттығу сол жаққа қайталанады, 4 рет).</p> <p>7. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ бірге, қол белде. 1 - 4 дейін санап, оң аяқпен секіру, 5-8 дейін санап, сол аяқпен секіру, балалар педагогтің санауы бойынша секіру жаттығуларын орындайды, арасында үзіліс жасап, қайтадан секіреді.</p> <p>(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, дене шынықтыру)</p>				
<p>Таңғы ас</p>	<p>Гигиеналық дағдылар</p> <p>Тамақтану мәдениетін қалыптастыру: қасықты дұрыс ұстау, сорпаны төкпеу, нанды үгітпеу, майлықты дұрыс қолдану, тамақ ішкенде сөйлемей.</p> <p>Мақсат-міндеттер: өзін-өзі күту, тамақтану, арақатынасу мәдениеті негіздерін дамыту.</p> <p>Асты-шашпай төкпей іш, Сораптамай баппен іш.</p>				

	<p>Келген асты алдына Тауысып іш қалдырма. Тәрбиеші балалардың үстел үстінде дұрыс отыруларын қадағалайды. (мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)</p>				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	<p>Жаңа жылдық сыйлықтар туралы әңгімелесу. (сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)</p>	<p>Жасыл шырша туралы әңгімелесу. (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)</p>	<p>Шырша туралы әндер жаттайық. Жаңа жылдық хикаялар айту. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)</p>	<p>Жаңа жылдық мәнерлеп тақпақтар айтайық. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)</p>	<p>Жаңа жылдық кездесу, сұхбат жүргізу. (сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)</p>
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	<p>Дене шынықтыру "Ұзындыққа секіру". Мақсат-міндеттер: 40 см қашықтықта орнынан ұзындыққа секіруге (6-8 рет) дағдыландыру; алдындағы допты баспен итеріп, доғаның астынан төрт тағандап еңбектеп өту және допты жоғары лақтыруға үйрету.</p>	<p>Қазақ тілі "Өңгімені мәнерлеп оқу "Біз қармен қалай ойнадық". Биік - аласа. Тар - жіңішке". Мақсат-міндеттер. Балаларды «Біз қармен қалай ойнадық» әңгімесімен таныстыру; әңгіме жанры туралы түсінік беру; қысқы өзгерістер туралы білімдерін кеңейту, қысқы қызықтар</p>	<p>Дене шынықтыру "Қысқы ойындар". Мақсат-міндеттер: балаларды сапта бір-бірден аяқтың ұшымен жүруге; аяқтың ұшымен жүгіруге; құрсауларды домалатуға үйрету.</p>	<p>Музыка "Аққаламен достасайық" Тақырыбы: балалардың әндегі төмен және жоғары дыбыстарды ажырата білу қабілетін жетілдіру; музыкадағы ырғақты сезіне білу қабілетін дамыту; музыка әуенімен жүгіруге және алға-артқа секіру дағдысына үйрету; музыкалық аспаптардың</p>	<p>Дене шынықтыру "Қысқы эстафеталар". Мақсат-міндеттер: балаларды бір орында тұрып екі аяқпен секіруге үйрету.</p>

		<p>жайлы түсініктерін қалыптастыру; «биік - аласа», «тар - кең» шамалары туралы түсініктерін бекіту, сөйлеу барысында қолдануға жаттықтыру; көргенімен естігенін сәйкестендіре білу біліктілігін, еске сақтау, қиял, көру зейінін, жағымды эмоцияларын дамыту. Зейінділікке, ұйымшылдыққа тәрбиелеу; қысқы ойындарға қызығушылықтарын арттыру.</p> <p>Музыка "Дала аспақ". Мақсат-міндеттер: балалардың әндегі төмен және жоғары дыбыстарды ажырата білу қабілетін</p>		<p>дыбысын ажырата білу және музыкалық аспапта ойнау қабілетін қалыптастыруды пысықтау.</p>	
--	--	---	--	---	--

		жетілдіру; музыкадағы ырғақты сезіне білу қабілетін дамыту.			
2- таңғы ас	Тағамның атауын есте сақтауға, тазалыққа бейімдеу. "Тәбетіміз ашылды, ас болсын!" (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Серуенге дайындық	Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Серуен	<p>Қардағы іздерді бақылай білу (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Көркем сөз. Ойын ойнап, міне біз, Қыс қызығын көреміз. Шанаға да мінеміз, Шаңғыны да тебеміз. Жұмбақ. Мен кетемін, ол қалар. (із) Бақылау: қарда түрлі іздердің қалатынын, соның ішінде құстардың ізі</p>	<p>Өзенді бақылау (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Жұмбақ. Туған жердің белбеуі, Шұбатылып қалыпты. Керемет-ау кернеуі, Тасты тесіп, жарыпты. (өзен) Мақал-мәтелдер. Бұлт өзеннен су алса ғана жауады. Бақылау: қыстағы су құбырлары жайлы түсініктерін анықтау.</p>	<p>Қылқан жапырақты ағаштарды бақылау (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Көркем сөз. Күн мұнайып тұр бүгін, Қыс ызғары келеді. Жұмбақтар. Жаңа жыл күні Төрінде тұрар. Басқа күні Өскен жерінде тұрар. (шырша) Бақылау: қылқан жапырақты</p>	<p>Қар мен мұзды бақылауды жалғастыру. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттер. Судың әртүрлі күйі туралы білімдерін бекіту; жансыз табиғат туралы шынайы түсінікті қалыптастыру. Зерттеу. Үлкен және кішкентай қаңылтырдағы, таза және боялған судың қату уақытын салыстыру; ыдысқа</p>	<p>Қардың түсуін бақылауды жалғастыру. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттері. Қардың қасиеттері туралы түсінік қалыптастыру; қардың түсуі маусымдық құбылысқа жататынын түсіндіру, қыс туралы білімдерін кеңейту. Зерттеу. Ақ қағазға ұшып келе жатқан қар ұлпаларын ұстау;</p>

	<p>ерекше болатындығын айыра білу; құстардың ізі қосу амалы сияқты, әр құс әр түрлі із қалдырады; адамның да іздері әр түрлі, жан-жаққа бағыттайды: машинаның ізі де әр түрлі және т.б. Жансыз табиғат жайындағы білімін бекіту; балалардың сөйлеу тілін дамыту.</p> <p>Қимылды ойын. «Нысанаға тигіз». (дене шынықтыру) Оң және сол қолмен, көздеп лақтыру кезінде қалыпты жағдайды сақтай білу. Ойын барысында балаларды шапшаңдыққа, икемділікке баулу. Қызығушылықтарын</p>	<p>Бірінші көлдің жиегінде мұз пайда болады, ол жұқа, тез ерігіш; содан толығымен қалың мұз басады; көлдегі мұз үстімен адамдар жүреді, балалар коньки тебеді; мұздың үстін қар басады, мұз астында балықтарға өте қараңғы, олар аз қозғалады. Кейбір жерлерде ойылған ойықтарды көруге болады, ол жерлерде балықшылар отырады. Судың астында ауа аз, балықтар ойықтың үстіне шығып дем аламын деп балықшының қармағына түсіп қалады. Балаларға өздерінің көргендерін ашып,</p>	<p>ағаштарды еске түсіру. Шырша мен қарағай ағаштарын ажырата білу.</p> <p>Шырша ағаштарының бұтағы бүкіл бойына, жоғарыдан төменге салбырап өседі; түбірі - қара; қылқан - бір-бірден өседі; жаңғақ - көп өмір сүргіш, дөңгелекше тәрізді. Жаңғақтың тұқымы бар.</p> <p>Білімдерін анықтау, қарағай мен шырша - үнемі жасыл түсті, қыста да сол түсін сақтайды. Шырша мен қарағай - қылқан жапырақты ағаш. Ағаштардың ерекшелігі мен белгілерін және ұқсастықтарын айыра білу, салыстырған сөздерін нақты</p>	<p>тығыз немесе еркін салынған қардың еру жылдамдығын салыстыру.</p> <p>Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: алаңда өсетін өсімдіктерге күтім жасау. Мақсат-міндеттері. Табиғаттағы еңбекке, қоршаған ортаға қызығушылықты қалыптастыру.</p> <p>Қимыл-қозғалыс ойындары. "Қарға мен торғай". (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Педагогтің бұйрығын мұқият тыңдауды үйрету; зейінді дамыту.</p> <p>"Қара сиыр" ұлттық қимыл-қозғалыс ойын.</p>	<p>зерттеу; қасиеттерін анықтау.</p> <p>Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: ағаштардың тамырларын қармен жабу. Мақсат-міндеттері. Бірлесіп жұмыс істеу қабілетін дамыту.</p> <p>Қимыл-қозғалыс ойындары. (дене шынықтыру) "Аққала ойыны". Мақсат-міндеттері. Заттарды лақтыру дағдыларын бекіту. "Допты қақпаға түсіру" қимылды ойын-жаттығуы. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. "Қақпаға" допты кіргізуді үйрету, дәлдікке, шапшаңдыққа баулу.</p>
--	--	---	--	---	--

	<p>арттыру. Еңбек: орындық үстінен қарды сыпыруға, өз еңбектерін жауапкершілікпен орындай білуге үйрету. (еңбек дағдылары) Өз бетімен ойындар. Ойын барысында балаларды ойын ережесін сақтауға, орындауға тәрбиелеу (жүргізу мәдениеті, достық, ұжымдық түсіністік болуын қадағалау).</p>	<p>толық көлемде айтуларын талап ету. Қимылды ойын. «Белгіні тыңда». Берілген дабыл бойынша әр түрлі қимылдар жасау. Жүгіру (қысқа, кең адыммен, аяқты екі жаққа жіберіп жүгіру, секіру арқылы жүгіру). Жаттығу жұмыстарына деген қызығушылықтарын ояту, қимылдарының деңгейін жақсарту. Еңбек. «Қар ойыны. Қар туралы білімдерін бекіту; берілген тақырып бойынша құрылыстар жасату; табиғи материалдарды қолдану арқылы шығармашылық</p>	<p>жеткізу. Қимылды ойын. «Қақпа». Алаңда қозғалып жүру. «Бір, екі, үш - ұста» дегенде, бәрі алаңға жүгіреді. Бір-біріне көмек беруге тәрбиелеу. Еңбек: ағаштың қасына түскен бұталарды жинау. Балаларға алаңда жүрген кезде қоқысты жинату (ағаш жанындағы бұталар), содан кейін арнайы орынға апаруға үйрету. Өз ойларын жолдастарының ойларымен ұштастыра білуге үйрету. Өз бетімен ойындар. Ойынға өз беттерінше тақырып</p>	<p>(дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері: балаларға ойын ережелерін қатаң сақтауды үйрету; кеңістікті бағдарлай білуге, шапшаңдыққа, тапқырлыққа баулу, достыққа тәрбиелеу. Ойын барысы. Ойынға 3-10 немесе одан да көп ойыншы қатысады. Көбінесе ойынға қара зат таңдап алынады (ескі малақай, құм салған дорба және тағы басқа). Ойынға қатысушылар шеңбер құрып, көздерін жұмып тұруға тырысады. Ойынды басқарушының берген бұйрығымен бір ойыншы шеңберден шығып, тығуға әзірленген</p>	<p>Тәрбиеші балаларды доп (немесе әртүрлі шарлармен) ойнауға шақырады, балалар жиналған жерде сызық жүргізеді. Сызықтан 1-1,5м жерде кішкентай қақпа тұрғызылады. Ойынға 5-6 бала қатысады. Өзіндік еркін ойын әрекеттері, далаға алып шығатын материалдармен ойындар: қозғалыстарды дамыту. Мақсат-міндеттері. Қар лақтыруды үйрету.</p>
--	--	---	---	--	---

		<p>қабілеттерін арттыру Өз бетімен ойындар: ойынды ұйымдастыру кезеңі (бастапқы және жүру барысы) рөлдермен байланыстыра отырып балалардың танымдық қабілеттерін арттыру, бір-біріне көмек көрсету, қиындықтан шыға алуға талпындыру.</p>	<p>таңдап үйрену, қоршаған ортаның жақсы жақтарынан көрсетіп, алған білімдерін көрсете білу.</p>	<p>затты алып тығылады. Ойынға қатысушылардың міндеті — сол тыққан затты іздеп табу. Егер тығылған зат табылса, ойын жүргізуші ойынға қатысушылардың барлығы еститіндей дауыстап жариялайды да, барлығын табылған заттың төңірегіне жинайды. Заттың иесі өз затын қорғайды, басқалары оны алдап-сулап, көңілін басқа жаққа бұрып, әлгі затты тартып алуға тырысады. Затты кім ала алатын болса, сол затты тығушы қызметін атқарушы болады да, қалғандары қайта шеңбер құрып,</p>	
--	--	---	--	--	--

				<p>көздерін жұмып тұрады. Ойын осы тәртіппен жалғаса береді.</p> <p>Өзіндік еркін ойын әрекеттері, далаға алып шығатын материалдармен ойындар: еңбектеу.</p> <p>Мақсат-міндеттері.</p> <p>Қимылдарды үйлестіруді дамыту; батылдықты, шешім қабылдай алуға тәрбиелеу.</p>	
Серуеннен оралу	<p>Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін жинау, қолдарын жуу.</p> <p>(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)</p>				
Түскі ас	<p>Гигиеналық дағдылар</p> <p>Тамақтану мәдениетін қалыптастыру: қасықты дұрыс ұстау, сорпаны төкпеу, нанды үгітпеу, майлықты дұрыс қолдану, тамақ ішкенде сөйлемей.</p> <p>Мақсат-міндеттер: өзін-өзі күту, тамақтану, арақатынасу мәдениеті негіздерін дамыту.</p> <p>Асты-шашпай төкпей іш,</p> <p>Сораптамай баппен іш.</p> <p>Келген асты алдына</p> <p>Тауысып іш қалдырма.</p> <p>Тәрбиеші балалардың үстел үстінде дұрыс отыруларын қадағалайды.</p> <p>(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)</p>				

Күндізгі ұйқы	«Түлкі мен тырна» ертегісін оқып беріп, балаларды ұйықтату. (көркем әдебиет)				
Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары	Төсектегі жаттығулар. Ұйқыдан тұрғанда , бірден төсектен тұруға болмайды. Біртіндеп тұру қажет. 1. Балалар төсекте, арқаға жатып, қолын жанына созу, демдерін еркін шығару. 2. Балалар төсекте, арқаға жатып қолды екі жаққа созу, жұдырықтарын жұму, қолдарын алға созып айқастыру, демалу. 3. Балалар төсекте, арқаға жатып қолдарын бастарына қойып кезекпен сол аяқтарын, он аяқтарын көтеру, екеуін бірге ұстап, жайлап түсіру. 4. Балалар төсекте, арқаға жатып, қолдарын жанында ұстап, аяқтарын көтеріп велосипед тебу. Төсектен тұрғызу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дене шынықтыру)				
Бесін ас	Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәдениетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу "Қысқы аулада" суреттер тізбегі бойынша әңгіме құру. Мақсат-міндеттер: балалардың қысқы ойындар туралы білімдерін жетілдіру; балалардың ойындар түрі туралы жаңа мағлұматтар беріп, "қысқы ойындар"	Сурет салудан ойын-жаттығу "Қос қолғап". Мақсат-міндеттер: балаларды монотипия сурет салу техникасымен таныстыру; қос қолғаптың біріне қылқалам мен бояу арқылы қарапайым ою элементтерін салып, екінші жаққа, қағазды екіге бүктеп, басып, тура сондай	Құрастырудан ойын-жаттығу "Қыс қызығы аққала". Мақсат-міндеттері: балаларды қалдық материал: поролоннан сызық бойымен домалақ кесіп алу, домалақтарды көлемі бойынша қағаз бетінде орналастырып, аққаланы	Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу "Ақ аю". Мақсат-міндеттер: балалардың қыс мезгілдерінде табиғатты бақылау дағдыларын дамыту; ақ аюдың сыртқы түрі мен қыстағы тіршілік қалпы туралы түсініктерін кеңейту.	Вариативті компонент. Құрастыру "Қыс қызығы". Мақсат-міндеттер: балаларға қардан құрылыс немесе қамалдар жасауға үйрету: қойылған мақсатқа жетуге, ұжымдық жұмысты эстетикалық түрде жасауға үйрету; өз әрекетін жоспарлай білу дағдысын дұрыс

	<p>ұғымын кеңейту; сөйлеудің әңгіме түрі туралы түсініктерді тиянақтау; қыста денсаулықты сақтау қағидалары туралы баяндау.</p> <p>Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу "Сырғанақ". Мақсат-міндеттер: балаларды сырғанақта ойындар суреті бойынша әңгімелеуге жаттықтыру; Бауыржан Жақыптың "Сырғанақ" тақпағымен таныстырып, қимыл жаттығуларын тақпақ жолдарымен жатқа сүйемелдеуге үйрету.</p>	<p>оюлар бейнесін шығаруға үйрету.</p> <p>"Мысық пен тышқандар" ойыны. Мақсат-міндеттер: балаларды зеректікке, шапшаңдыққа, жылдамдыққа баулу; бегле бойынша қимылдауға дағдыландыру; достыққа тәрбиелеу. "Мысық" таңдап алынады. "Тышқандар" індерінде отырады. "Тышқандар" мен "мысық" екі қарама-қарсы жақта орналасады. Тәрбиеші былай дейді: - Тышқанға сақшы санап өзін мысық, Жатады</p>	<p>құрастыруға үйрету.</p> <p>Математика негіздерінен ойын-жаттығу "Қыстың жуан және жіңішке жолақтары". Мақсат-міндеттері: балалардың заттардың жуандығы туралы білімдерін кеңейту, "ең жуан", "жіңішкелеу", "ең жіңішке" сияқты шамалар ұғымдарын қалыптастыру.</p> <p>"Өз үйінді тап" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттер: балаларды тапсырма бойынша өз үйлерін табуға үйрету; жылдамдыққа, шапшаңдылыққа тәрбиелеу. Қажетті құралдар:</p>	<p>Мүсіндеуден ойын-жаттығу "Жылқы". Мақсат-міндеттер: балаларға жылқыны саз балшықтан жасауға, дене пішінін, фигураның қозғалысын дұрыс беруге, фигураға тән сипатына қарай саздылықты, сымбаттылықты бере білуге үйрету.</p> <p>"Суреттер тізбегі" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттер: балаларды суреттерді логикалық тізбекке орналастыруға жаттықтыру; қоршаған ортадағы құбылыстар мен оқиғалардың сырын тануға, түсіндіруге ынталандыру;</p>	<p>дамыту.</p> <p>«Тақия тастамақ» қимылды ойын. Ойынның мақсат-міндеттер. Оқушылардың ойлау қабілеттерін дамыту. Ойынның шарты: бір оқушы тақияны шеңбер бойымен жүріп, кез келген баланың басына кигізеді. Басында тақиясы бар бала түбір және туынды сөзді айтады. Ойын осылай жалғаса береді.</p>
--	--	--	---	--	--

		<p>ұйықтағансып көзін қысып. Тышқандар індерінен жүгіріп шығып (сатының баспалдақтары арасынан өтеді немесе жіптен секіреді), жүгіре бастайды. Біраз уақыттан кейін тәрбиеші: - Тынышталыңдар, тышқандар, бекерге шулап күлмендер. Ұйқыға жатқан мысықты оятып алып жүрмендер, - дейді. Мысықты сомдайтын бала өз рөлін атқарады, "тышқандарды қуалайды". (дене шынықтыру)</p>	<p>ағаштардың бейнесі; үйлердің суреттері. Тәрбиеші балаларды екі топқа бөліп, әр топтың ойнайтын орнын немесе "үйін" тағайындайды. Екі топқа да өсіп тұрған бірі биік, бірі аласа ағашты көрсетеді де 1-топтағы балалардың үйі биік ағаштың оң жағы, ал 2-топтағы балалардың үйі аласа ағаштың сол жағы - деп белгілейді. Қай топ өз үйлеріне тез барады. Ойын екі рет қайталанады. Ойынның соңында әр топтың балаларын мадақтап отырады.</p>	<p>ұғымталдыққа тәрбиелеу. Құралдары: бір құбылысты, оқиғаны немесе ертегі желісін сипаттайтын суреттер топтамалары. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)</p>	
Балалармен жеке жұмыс	Үшінші артық Дидактикалық материал: үй және	Жаңылтпаштар жаттау. 1) Пеш үстінде бес	Жыл мезгілі жайлы әңгімелеу. Мақсат-міндеттер:	Көркем әдебиет шығармаларын оқу.	Өздері білетін ертегілері бойынша суреттерді қарау.

	<p>жабайы жануарлары бейнеленген карталар. Ойын барысы. Балаларға жануарлар бейнеленген карточкалар таратылады. Балалар қай жануардың артық екенін анықтауы керек.</p> <p>- Қой, сиыр - үй жануарлары. Олар адамның жанында тұрады. Түлкі - жабайы жануар, ол орманда тұрады. Түлкі - бұл орман жануары, жабайы аң және т. б.</p> <p>(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)</p>	<p>мысық, Пеш ішінде бес мысық. Бес күзетші, бес пысық.</p> <p>2) Үш кіші ішік піштім, Бес кіші ішік піштім. Неше кіші ішік піштім?</p> <p>3) Ұшып кетті үш құс, Ұшып келді ұшқыш.</p> <p>(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)</p>	<p>мнемокестеге қарап әр жыл мезгілдерінің ерекшеліктерін айтып, толық сөйлем құруға үйрету.</p> <p>(сөйлеуді дамыту)</p>	<p>Мақсат-міндеттер: балаларда мәтіннің сөздері мен дыбыстық тіркестерін қайталауға деген ұмтылыстарын қалыптастыру. Балаларда көркем әдебиетке қызығушылықтарын ояту.</p> <p>(көркем әдебиет)</p>	<p>Мақсат-міндеттер: суреттер бойынша сұрақтарға толық жауап беруге дағдыландыру; балалардың сөздік қорларын, байланыстырып сөйлеу қабілетін дамыту.</p> <p>Құралдары: ертегілер сюжеттері бейнеленген суреттер.</p> <p>(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)</p>
<p>Серуенге дайындық</p>	<p>Мақсат-міндеттер:</p> <ul style="list-style-type: none"> - киімді дұрыс бүктеп салуға, ілуге, аяқ-киімді түзу қоюға машықтандыру; - өз бетінше жылдам және дұрыс ретпен киіне (шешіне) білуді дағдыландыру; - шкафқа ілінген, қойылған бас киім, киім, аяқ-қиім сияқты заттарды өз орындарын біліп, тәртіпті сақтауды 				

	<p>ұстануға тәрбиелеу; - ауа райына сай киінгенін қадағалай білуге, киімді, аяқ-киімді таза ұстауға баулу; - көмек көрсете білуге, алғыс айтуға тәрбиелеу. (дербес әрекет)</p>
Серуен	Түскі серуендегі бақылауды жалғастыру. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)
Серуеннен оралу	Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)
Кешкі ас	<p>Гигиеналық дағдылар Тамақтану мәдениетін қалыптастыру: қасықты дұрыс ұстау, сорпаны төкпеу, нанды үгітпеу, майлықты дұрыс қолдану, тамақ ішкенде сөйлемей.</p> <p>Мақсат-міндеттер: өзін-өзі күту, тамақтану, арақатынасу мәдениеті негіздерін дамыту.</p> <p>Асты-шашпай төкпей іш, Сораптамай баппен іш. Келген асты алдына Тауысып іш қалдырма. Тәрбиеші балалардың үстел үстінде дұрыс отыруларын қадағалайды. (мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)</p>
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	<p>Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. (қарым-қатынас іс-әрекеті)</p> <p>Музыкалық аспаптармен ойындар. Ертеңгілікке дайындық. (музыка)</p> <p>Өнер бұрышында жаңа жыл тақырыбында сурет салу, жапсыру, мүсіндеу. (шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті)</p> <p>Логикалық ойындар, басқатырғыштар, санамақтар, домино ойындары. Пысықтау. (танымдық іс-әрекет, зерттеушілік іс-әрекет)</p> <p>Табиғат бұрышын зерттеу, салыстыру, танысу, пысықтау жұмыстары. (зерттеу іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті)</p>

<p>Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)</p>	<p>«Ашық ой мен сұрақ-жауап күні» ата-аналармен жиналыс.</p>	<p>«Ата-аналар балалары ауырмау үшін не істеу керек» кеңес беру.</p>	<p>Ата-аналарға балалардың тазалықтарына назар аударуларын ескерту.</p>	<p>Балаларға арналған кеңестер: "Балабақша ережелері", "Достар арасында өзін қалай ұстау керек?"</p>	<p>Балалардың бүгінгі іс-әрекеттері туралы ата-аналармен әңгімелесу.</p>
---	--	--	---	--	--

Әдіскер: **А.А.Сулейменова**